

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ ТІЛДІК ҚОЛДАНЫСТАР: НОРМА ЖӘНЕ УЗУС

Салқынбай А.Б.¹, *Сарсенбай Ж.А.²

¹ф.ғ.д., профессор, А. Байтұрсынұлы атындағы қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: asalbek@gmail.com,

*²3-курс докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, janat.sarsenbay@yandex.kz

Аңдатпа. Қазіргі қоғамдағы орын алып отырған интернет, әлеуметтік желілер арқылы тілімізге жаңа сөздердің енгені бәрімізге белгілі. Жаңа ұғым, жаңа тілдік бірлік сөздік қорымыздың қоржынынан орын алып, тілдің қатпарына еніп толығу үдерісі жүріп жатыр. Ал виртуалды қарым-қатынас кеңістігі күнделікті шынайы қарым-қатынастың орнын алмастыруына әкеліп тұр. Яғни виртуалды коммуникация тілдік нормалардың қағидаттарына да өз септігін тигізіп бастады.

Мақалада қазақтілді әлеуметтік желілерде коммуникацияның басты ерекшелігі виртуалды қарым-қатынаста қатысушының шынайы қатысушымен алмастыруы сөз етіледі. Әлеуметтік желі дискурсы мәтіндерінің ғылыми-практикалық мәселелері қарастырылады. Шетелдік және отандық ғалымдардың тақырып аясында айтылған ғылыми көзқарастары беріледі. Тақырыптың ғылыми маңыздылығы – қазақтілді әлеуметтік желідегі норма мен узустың айырмашылығын айқындау. Әлеуметтік желідегі мәтіндер білім көзі емес, ол жаңалық не көңіл көтеретін мәлімет сипатында болатыны келтіріліп, соған сай ол қысқа, бірақ мол ақпаратқа ие болуы керектігі, мәтіндегі ақпарат тек әріп жазуымен ғана емес, суретпен, дыбыс және бейне жазбамен де берілетіндігі жайлы айтылған. Интернет коммуникациясы стилі пайда болғандығы айтылады.

Сонымен қатар ХХІ ғасырдың басында профессор Р.Сыздықтың тақырып аясындағы жұмысына сипаттама беріледі. Қазақ тіліндегі әлеуметтік желі тілін негіздеуде, осы бағыттағы әлемдік тіл біліміндегі қолданбалы бағыттағы жұмыстарды зерттеуде шолу, сипаттау, баяндау, аналитикалық талдау әдістері қолданылады. Әлеуметтік желідегі мысалдар лингвистикалық мәтін ретінде талданады.

Мақаланы жоғары оқу орындарында «Тілдік қарым-қатынас және сөз мәдениеті» пәні бойынша дәрістер мен практикалық сабақтарға дайындық кезінде қосымша оқу материалдары ретінде пайдалануға болады.

Мақаланың мақсаты мен міндеті - әлеуметтік желі дискурсын интернет дискурстың бір типі сапасында қарастырып, оның мәтінінің лингвистикалық ерекшеліктерін анықтап, әлеуметтік желіде норма қаншалықты сақталатынын және узустық қолданыстарды анықтау. Әлеуметтік желі мәтіндерінің ортақ талаптары сөз етіледі. Біз жинаған, талдаған материалдар негізінде әлеуметтік желідегі қазақша мәтіндердің грамматикалық (морфологиялық, синтаксистік) ерекшеліктерін он топқа бөліп талдадық. Әлеуметтік желідегі, нақты айтқанда фейсбук пен уатсап желісіндегі, қазақша мәтіндердің лингвистикалық ерекшеліктері нақты мысалдармен талданады. Сөзді үнемдеу мақсатында қолданылатын әлеуметтік желінің тілі зерттеуді қажет етеді.

Тірек сөздер: әлеуметтік желі, виртуалды қарым-қатынас, интернет, норма, узус, сленг, жазбаша ауызекі сөйлеу, виртуалды кеңістік

Негізгі ережелер

Шынайы өмірінде қол жеткізе алмаған тұлғалық сапасын, қандайда бір рөлді ойнау, эмоциясын шығару мүмкіндіктің болмауынан әлеуметтік желіде отыратындардың қатары көбейді. Ол мүмкіндікті туғызатын әлеуметтік қарым-қатынастағы анонимділік, қатаң норманың болмауы, адамды адамның қабылдауының басқаша болуы біздің қарым-қатынасқа өз әсерін тигізуде. Сондықтан да бұл мәселе өзекті.

Әлеуметтік желі дискурсы мен оның мәтініне талдау жасаған ғылыми айналымда жүрген еңбектерді оқып, негізгі тұжырымдарын ой елегінен өткізіп, қажетті қорытындылар басшылыққа алынды. Ол тұжырымдар өзара салыстырылып, әлеуметтік желідегі қазақша мәтіндерде кездесуіне және ұшыраспауына қатысты сараптама жасалды. Әлеуметтік желіден жинақталған қазақша мәтіндердің құрылымына, лексикалық, грамматикалық сипатына талдау жасалды.

Кіріспе

Қазақтілді виртуалды ортада әлеуметтік желі коммуникациясы және оның өзіндік ерекшеліктерін былайша жинақтап беруге болады:

1) Виртуалды коммуникация барысында әлеуметтік желі дискурсында бейтаныс коммуниканттың шынайы қарым-қатынас үдерісіне қатысуы.

2) Әлеуметтік желі дискурсында бір функционалдық стиль ғана көрінбейді, аралас стиль көрініс табады.

3) Қарым-қатынастың бейвербалды құралдары және эмоционалды-экспрессивті лексика жиі қолданылады

4) Виртуалды қарым-қатынас еркін сипатта өтеді

5) Әлеуметтік желідегі хабарламалар мен ақпараттар тек әріп жазуларымен ғана емес, фото, бейне және дыбыс жазбаларымен де беріледі.

6) Әлеуметтік желі дискурсы гибридік сипатта болады, ол әрі жазбаша, әрі ауызша өте алады.

7) Әлеуметтік желінің тілдік кеңістігі жағымсыз сипатқа да ие: тіл мен сөз мәдениеті нормасының өзгерісі, дөрекілік, тәрбиесіздік, эмоция мен сезімге бой алдыру, сол арқылы әлеуметтік желі тұтынушысының моралдық және рухани-адамгершілік күйіне кері әсер етуі

8) Сөз тілді үнемдеу ұстанымымен құрылады.

Материалдар мен әдістер

Мақаланың теориялық негіздемесіне шетелдік және отандық зерттеушілердің монографиялары мен осы тақырыпқа қатысты ғылыми мақалаларындағы теориялық тұжырымдар жатқызылды. Бұл ғалымдардың қатарына интернет алаңды әлеуметтік желі деп атаған В.Н. Рябов [1], әлеуметтік желідегі қарым-қатынасты прагматикалық, коммуникативтік, лингвостилистикалық тұрғыдан қарастырған А.А. Матусевич [2], қазіргі интернет коммуникацияның құрылымы мен негізгі өлшемдерін зерттеген Е.И. Горошко [3], интернеттегі қарым-қатынас ерекшеліктерін қарастырған Г.Ю. Виноградов [4], әлеуметтік желідегі неологизмдер мәселесін талдаған

Е.Н. Вахрамова, Н.В. Кузнецова [5], Н.А. Муравьев [6], әлеуметтік желідегі интернет комментарийлердің синтаксистік ерекшелігін зерттеген Е.В. Холодковская [7], әлеуметтік желідегі шет тілдік коммуникация ерекшелігін зерттеген О.В. Иванова [8], Г.И. Берестенев [9], Л.В. Арнольд [10], компьютерлік қауіпсіздік дискурсындағы метафоралар модельдерін талдаған Е.В. Исаев [11], әлеуметтік желідегі ағылшын тілді комментарийлер ерекшеліктерін зерттеген Е.В. Тетерлева мен И.В. Портнова [12], интернет желісіндегі қазақ тілінің ерекшеліктерін талдаған К.Садирова [13] т.с.с. атауға болады.

Ал қазақ тіл білімінде норма мен узустың аражігін көрсететін еңбектерге тоқталатын болсақ. Сол кезеңдегі зерттеулерде әсіресе Р. Сыздық [14] сынды ғалымдардың т.б. зерттеушілердің еңбектерінде әдеби тілдің белгілеріне, оның тілдік нормамен байланыстылығына, варианттарды саралау, оларды топтастыруға, әдеби тілдің жалпыхалықтық тілдің өзге формаларынан айырмашылықтарына баса назар аударылды. Зерттеушілердің ұстанған негізгі ғылыми принципі классификациялық болды, кейбір зерттеулерде структурализм принципін де бой көрсеткен тұстары болды.

В.Н. Рябов [1] әлеуметтік желі деп интернет алаңды атайды. Бұл интернет алаңды тұтынушылар тіркеліп, өздеріне қатысты жеке ақпараттарын жүктейді де, сол алаңды пайдаланушылармен қарым-қатынасқа түседі. Осы интернет алаңды әлеуметтік желі деп атаймыз. Әлеуметтік желідегі мәтіндер өзара сілтеме арқылы байланыстырылған. Осылайша әлеуметтік желілер өзара сабақтасқан жүйе құрылымына ие.

Ғылыми зерттеулерде көрсетіліп жүргендей, интернеттің, оның ішінде әлеуметтік желінің қарым-қатынас құралына айналу себептері әртүрлі:

- Шынайы өмірдегі қарым-қатынастың аз болуы. Егер шынайы өмірдегі қарым-қатынасқа түсушілер көп болса, интернет желісіндегі қарым-қатынасқа қызығушылығы болмайды.

- Шынайы өмірінде қол жеткізе алмаған тұлғалық сапасын, қандайда бір рөлді ойнау, эмоциясын шығару мүмкіндігі. Ол мүмкіндікті туғызатын әлеуметтік қарым-қатынастағы анонимділік, қатаң норманың болмауы, адамды адамның қабылдауының басқаша болуы. Қандайда бір эмоцияны шығару мәтіннің эмоционалдығын күшейтіп берумен жүзеге асады [1, 17 б.].

Қазіргі уақытта сөз әрекетінде тілдің жаңа формасы – жазбаша ауызекі сөйлеу – пайда болды деуге болады. Өйткені интернетте әлеуметтік желіні қолданушылар жазбаша қарым-қатынас жасағанымен, сол жазбаша сөзде ауызекі тілдің нормасын пайдаланатыны байқалады. Әлеуметтік желідегі ауызша-жазбаша тілдің белгілерін жіктеп беруге болады. Ауызша сөз белгілері: ақпаратты тез арада беру, диалогты шынайы уақытта онлайн қолдау мүмкіндігі, сөз сөйлеуге жұмсалатын күшті үнемдеу мен тілдік құралдарды үнемдеу, мәтіннің спонтандылығы, орфографиялық ережелердің сақталмауы, желілік және компьютерлік сленгтерді пайдалану, эллипстік құрылымдардың, инверсиялардың, ықшамды құрылымдардың келуі. Жазбаша сөз белгілері: жазбаша тіркеу, жазба символдар арқылы тікелей сөзді алмасу, визуалды қабылдау, қарым-қатынас барысында ұзақ кідіріс жасау мүмкіндігі, мәтіндік

ақпаратты еркін орналастыру мүмкіндігі, жіберген хабарламаны түзету мүмкіндігі.

Қазақ тіл білімінде норма мен узус жайлы сөз еткен ғалымдар Р. Сыздық [14] пен Н. Уәли [15]. Олардың еңбектерінде узустық қолданыс деп береді. Тілдік норманың негізгі сипатын ашуда тілдік жүйе – тілдік норма параллеліне сүйену, әрине, жеткіліксіз, сондықтан проф. Р. Сыздық тілдік жүйе – тілдік норма – узус үшендерін бірлікте ала отырып, өзара ұқсас, астас танымдық бұл категориялардың айырым белгілерін көрсете келіп, сол белгілерге сүйене отырып, әдеби тіл нормасындағы кейбір құбылыстарға талдау жасап, мән-жайын ашады.

Р. Сыздық өз еңбегінде узусты тілдік жүйе мен жүйеден ауытқып кеткен құбылыс ретінде танып, оны дағдыға айналған тілдік құбылыс деп тұжырым жасайды, яғни қазіргі тілдік нормада жүйеге сәйкес келмейтін, бірақ дағдыға айналған тілдік норманың фонетикалық, лексика-грамматикалық түрлерін айқындайды [14,21 б.].

Әлеуметтік желі – тілдік қарым-қатынасты жүзеге асыру орны ғана емес, тілдік үнемдеуге негізделген, интернет желісіне тән өзіндік тілдің қызметін дәйектейтін жүйе. Бұл жүйеде тілді үнемдеу әлеуметтік желі қолданушыларының уақытын ақпарат мазмұнына зиян келтірмей қысқартуға қызмет етеді, яғни «аз уақытта көп ақпарат беруге» қызмет етеді.

Тілдік үнемдеу заңы тілдің әр деңгейінде маңызды, сондықтан әлеуметтік желі тілінде түрлі графикалық сызбалар қолданылады. Графикалық сызбалар аз уақытта аз таңбамен көп ақпарат беруге және хабардың эмоциялы тонын да жеткізуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік желі тілінде тыныс белгілері мен жазу, яғни орфография да жаңа мәнде қолданылады. Бұл қарым-қатынастағы эмоцияны білдіру мақсатына қызмет етеді.

Леп белгісі әлеуметтік желі тілінде иронияны, қарсылықты, таңырқауды, өз сөзіне ерекше назар аударуды білдіреді. Мысалы, фейсбуктен алынған мәтінге көңіл аударсақ:

...төмен баға жаңа рекордтарын тағайындадық!

** тек Сәуір бойы сантехникаға, кафель мен керамогранитқа керемет жеңілдіктер!*

** әр апта сайын жаңа топтамаларды жеңілдікпен ұстап алыңыздар!*

Мир Керамикасымен әдемі болу қол жетімді!

** Мир Керамикадан кафель мен керамогранитті тиімді бағамен сатып алуды жіберіп алмаңыздар!*

4 маусымға дейін сатып алыңыздар да, тұрмыстық техника жаңа ұтыс ойынына қатысыңыздар!

** Біздің салондарда Kaspi банкінен «Бөліп төлеу 0-0-12» арқылы алуға болады. Тауар саны шектеулі!*

Сұрақ белгісі сарказмды, талап етуді, тұқыртуды, өкінуді білдіреді.

Сондай-ақ осы мақсатта сөздегі дыбыс таңбаларын созып не қайталап жазуды да пайдаланады.

Әлеуметтік желі қолданушылары толықтай паралингвистикалық құралдардан, яғни, сөз темпінен, қандай да бір сөзге екпін түсіруден, дикция, жест, мимика т.с.с. айырылған деуге болады. Сондықтан да әлеуметтік қарым-қатынас нәтижелілігі шынайы қарым-қатынаспен салыстырғанда әлдеқайда төмен болады, психологтардың айтуынша, шынайы тікелей қарым-қатынаста паралингвистикалық құралдар қарым-қатынас нәтижелілігінің 55 % құрайды.

Интернеттегі жаңа әлем немесе әлеуметтік желіде жүргізілетін жаңа қарым-қатынас өзіне лайық жаңа құралдардың пайда болуын не бұрыннан бар көне құралдарды трансформациялауды, өзгертуді талап етеді. Интернет тұтынушылары енгізген сленгтер әлеуметтік желі арқылы жалпы қолданыстағы лексика қатарына өтті. Эпистолярлық жанр электронды жазбалар сипатында қайта туды, оның да тілдік ерекшелігі пайда болды, виртуалды кеңістікте ойын ойнау қарым-қатынасты ойынға жақындатты, бұл сөйлеудің ауызекі сипатын арттырды. Соған орай интернет тілін зерттеуші ғалымдар қазір интернетте жаңа тіл – интернет тілі пайда болды деп тұжырымдап жүр. Интернеттегі қарым-қатынас стилі қалыптасқанын дәлелдеп жүр. Бұл стильдер интернет қауымдастықтың өзіндік ерекшеліктері ғана емес, бұл тұтас қоғамға әсер етеді [13,45 б.].

Тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, виртуалды шындықты құру құралы, бағдарламаудың жасанды тілі технологиялық құрал болып қана саналады, сол арқылы интернет жұмыс жасайды, ал виртуалды қауымдастықтың тілі – әлеуметтік желі қолданушыларының табиғи тілі.

Мақаланы жазу барысында қолданылған әдістер: ғылыми әдебиеттерді талдау, салыстыру, жүйелеу әдістері, әлеуметтік желіден алынған қазақша мәтіндерді лингвистикалық талдау.

Талқылау

Бұл ретте профессор Р. Сыздық айтқандай, тілдік нормаларды лексикалық, грамматикалық, стильдік түрлерін атап өтіп, оның әр алуан ережелері мен мысалдарды теру аздық етеді [14, 48 б.]. Біздің зерттеуімізде қазіргі коммуникация тәжірибе алаңындағы қолданыстардың өзгеріс-жаңалықтарға ұшырағанда қандай сипатқа ие болғандығы және осындай тұстарда қолданатын сөздерге ғылыми пікірлерді көрсетіп, саралау – мақсатымыз.

Қазіргі кезде ұлттық тілдің бұрынғы-соңғы нормаларындағы ерекшеліктер, әсіресе бүтін тіл қолданыстағы әртүрлі құбылыстар мен жаңалықтарды жүйелі түрде, белгілі бір ғылыми-теориялық негіздегі талдаудың елегінен өткізіп, бағалау қазақ тіл мәдениеті саласындағы жаңа бір кезеңнің басы деуге болады. Бұл кезеңді біз ең алдымен Р. Сыздықтың «Тілдік норма және оның қалыптануы» [14] деген монографиялық зерттеуімен байланыстырамыз.

Тілдік норманың негізгі сипатын ашуда тілдік жүйе – тілдік норма параллеліне сүйену, әрине, жеткіліксіз, сондықтан проф. Р. Сыздық тілдік жүйе – тілдік норма – узус үшендерін бірлікте ала отырып, өзара ұқсас, астас танымдық бұл категориялардың айырым белгілерін көрсете келіп, сол


белгілерге сүйене отырып, әдеби тіл нормасындағы кейбір құбылыстарға талдау жасап, мән-жайын ашады.

Кесте-1. Әлеуметтік желідегі қазақша мәтіндердің лексикалық ерекшеліктері

Узустық қолданыстар	Дұрысы	Түсіндірме
<i>Барғым кеп жатыр</i>	<i>Барғым кеп тұр</i>	Қалып етістіктерін дұрыс қолданбаған. Адамның қалауын білдіретін сөйлемдерде қалып етістіктері сөйлеушінің қалауының уақытқа қатынасын білдіреді. Мәселен, барғым кеп жүр десе, жалпы барғысы кеп жүргенін, қашан баратынын өзі де шамалай алмайтынын түсінеміз. Барғым кеп отыр десе, ол адам әне-міне жолға шыққысы кеп отырғанын білуге болады. Барғым келіп тұр десе, дәл қазір кеткісі келетінін, бірақ баруына кедергілер де болуы мүмкін екенін, соған байланысты жолға шығатын-шықпайтыны белгісіз екенін ұғамыз.
<i>Бару керекпіз</i>	<i>Баруымыз керек</i>	Орыс тілінің ықпалымен орныққан, қазақ тілінің тіркесім заңдылығын, қосымшалардың ерекшелігін ескермеуден туындаған қате. Қазақ тілінде тұйық етістікпен тіркескен керек сөзі жіктелмей, қосымша оның алдында тұрған етістікке жалғанады.
<i>Бәрі дұрыс па?</i>	<i>Аманышылық па?</i>	Орыс тілінен келген калка сөйлем. Амандасу, кешірім сұрасу, ренжісу кезіндегі сөздер әр халықта әртүрлі болады. Сондықтан бұндай кездерде төте аударма жасауға болмайды. Сөйлемді қазақы етіп құру үшін, бұрынғы қазақ қалай сөйлескенін еске түсіру керек.
<i>Бей-берекет</i>	<i>Бейберекет</i>	Қазақ тіліндегі сөздердің дұрыс жазылуын білмеуден, біріккен сөз бен қос сөзді шатастырудан туындаған қате. Бей-парсы пілінен енген сөз алды қосымшасы. Қосымша сөзден бөлек жазылмайды. Алғашқы буыны ұқсас болғанмен, оны қос сөзбен шатастыруға болмайды.
<i>Үлкен рақмет</i>	<i>Көп рақмет</i>	Орыс тіліндегі «Большое спасибо»-ның сөзбе-сөз аудармасы
<i>Бешбармақ</i>	<i>Ет жеу, ет асу</i>	Қазақтың кәделі ұлттық тағамы етті «бешбармақ» деп қарапайым сөзбен айту – өрескел қате. Бұл жөнінде көп айтылды. Соған қарамастан бұл қателік түзетілмей келеді. «Бешбармақ» атауының астарында ұлттық тағамға құрметтен гөрі (бес саусақпен жеу, бес саусағын салып жеу) деген сырт көздің сыны, жағымсыз мағына басым. Сондықтан сырттан танылған сзді емес, халықтың өз атауын қолданған дұрыс.
<i>Бір сөзбен айтқанда</i>	<i>Қысқасы</i>	Орыс тіліндегі «одним словом» тіркесінің көшірмесі.
<i>Бір-екі заттар</i>	<i>Бір-екі зат</i>	Заттың мөлшерін айтылған соң, оған көптік жалғау жалғанбайды.
<i>Мыңдаған сайттар</i>	<i>Мыңдаған сайт</i>	Заттың мөлшерін айтылған соң, оған көптік жалғау жалғанбайды.
<i>Направление</i>	<i>Жолдама</i>	Тілді шұбарлау.
<i>Наследство</i>	<i>Мұра, мирас</i>	<i>Наследство соған кетіп қалады деп уайымдап жүрмін.</i> Алайда әлеуметтік желіден алынған бұл сөйлем контексіне мұра, мирас сөздерінен гөрі жиған-терген сөзі үйлесетін сияқты.
<i>Негативті адамдар</i>	<i>Жағымсыз, жайсыз, теріс пиғылды</i>	Орыс тілінен сөзбе-сөз аударылған калка тіркес.
<i>№1 қайызғақ</i>	<i>№1 су сабын</i>	<i>Әлемдегі №1 қайызғаққа қарсы су сабын.</i> Қисынға келмейтін тіркес, анықтауыштың сөйлемдегі орнын айқындай алмаудан жіберілген қате. Дұрысы: Әлемде қайызғаққа қарсы №1 сусабын.
<i>Обязательно</i>	<i>Міндетті түрде</i>	<i>Паразит сөздер.</i>
<i>Оқу жылың аяқтауыңмен!</i>	<i>Оқу жылың аяқтағаның құтты болсын!</i>	<i>Бұл – орыс тіліндегі «С окончанием учебного года!»</i> деген сөйлемнің құрылымын еш өзгеріссіз көшіріп аудару нәтижесінде пайда болған сөйлем.
<i>Оптовка</i>	<i>Көтерме базар</i>	<i>Жаргон деңгейіндегі сөз</i>

Қазіргі әлеуметтік желідегі көп қолданатын сөздердің біршамасын талдадық. Олардың лингвистикалық ерекшеліктерін түсіндірме арқылы талдауға тырыстық.

Мысалы, фейсбук парақшасынан ақпараттық не жаңалықтар контентінің пост мәтіні 1-суретте скриншотталып берілді. Бұл мәтінге көңіл айдарсақ, Қазақ ұлттық университеті А. Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының аккаунты өз ғылыми қызметкерінің кәсіби құзіреттілігі жоғары екенін жариялау, өз қызметін тұтынушылар сенімін арттырады. Пост мәтініне ерекше атау беріп және оны Caps Lock-ты пайдаланып, яғни бас әріптер қолданылған. Бұл әлеуметтік желі дискурсындағы арнайы құрал, яғни, белгілі бір эмоцияны берудің жолы. Сонымен бірге поста әріптік мәтінмен қоса, фотолар берілген.



Сурет - 1. Ақпараттық контент посты (мәтіні)

Нәтижелер

Әлеуметтік желі мәтіндерінің бәріне ортақ ерекшеліктері мен құрылу талаптары бар. Олар:

1. Әлеуметтік желідегі мәтін – білім көзі емес, ол жаңалық, көңіл көтеретін мәлімет. Сондықтан ол қысқа, бірақ мол ақпаратқа ие болуы керек.

2. Мәтіндегі ақпарат тек әріп жазуымен ғана емес, суретпен, дыбыс және бейне жазбамен де беріледі.

3. Бір мәтін – бір мән (ой/тақырып) ұстанымымен құрылады.

4. Мәтіннің прагматикалық сипаты анық. Әлеуметтік желідегі мәтін мақсатты аудиторияға сай құрылады: әйелдерге арналған мәтіндер мен ер адамдарға арналған мәтіндер бір-бірінен құрылымы жағынан да, тақырыбы жағынан да ерекшеленеді. Мысалы, әйелдерге арналған мәтін эмоционалды,

үй жиһаздарына, бояуға, сәнге қатысты болса, ер адамдарға арналған мәтіндер, қысқа, бірақ нақты, көлікке, спортқа т.с.с. қатысты болады.

5. Әлеуметтік желідегі мәтіндерді желі тұтынушыларының стиліне қарай мынадай топтарға жіктеуге болады: даулы (желі тұтынушысы әдейі дау туғызуды көздейді), сенсациялық (таңқалдырар жаңалықты бірінші болып жариялау), шолу (желі қолданушысының фантазиясына байланысты), сұраулы (мәтінде мәселе сұрақ сапасында болады) [13,31б.].

Әлеуметтік желідегі қарым-қатынастың лингвистикалық ерекшеліктері мәтіннің лексикалық, грамматикалық, яғни, морфологиялық, сөзжасамдық, синтаксистік деңгейінен көрінеді.

Әлеуметтік желідегі қазақша мәтіндердің лексикалық ерекшеліктері: қазақша мәтіндерде фейсбук тілі терминдері қолданылып, кірме сөздер белсенділігі артты, кірме сөздер мен төл сөздеріміз лексикалық және синтаксистік тіркесімділікке түсті, лексикалық тіркесімділігі жоқ сөздер тіркесті: *фейсбук, поделиться еттім/ бөлісіп қойдым, коммент қалдырдым/жаздым, лайк бастым, лайклдедім/ лүпілдеттім, сториске қойдым, стористен көрдім, историяға қойдым, рекке шықтым, + қойып кетіңіздер, туған күніңізді басыңыз (лексикалық тіркесімділігі жоқ сөздер тіркесті), дұрыс айта ма? я\жоқ., хит, вайб (ловить 36 волну/көңіл күйді түсіну), кринж (бұрынғы іске ұялу), чекни (тексеру) т.с.с.*

Біз жинаған, талдаған материалдар негізінде әлеуметтік желідегі қазақша мәтіндердің грамматикалық (морфологиялық, синтаксистік) ерекшеліктерін мынадай топтарға бөлуге болады:

- 1) Бастауыштың түсірілуі
- 2) Шылаулардың түсірілуі
- 3) Инверсияның қолданылуы
- 4) Хабарламада сөйлемдегі әр сөйлем мүшесін жекелеген фразалармен бөліп жіберу
- 5) Қаратпа сөздер мен сұраулық шылаулардың қолданысы
- 6) Эмотикон-смайликтер, тыныс белгілері мен одағайлардың қайталануы
- 7) «Айтылымдарды арнайы сызып түзеу»
- 8) Эмотикон (эмоция+таңба)
- 9) Күрделі смайлдарды қолдану
- 10) Графикалық түрдегі смайликтер

Әлеуметтік желідегі қазақша мәтіндерді морфологиялық ерекшеліктері:

- кірме сөздерге қазақ тілі қосымшалары тікелей жалғанып, түрленді (фейсбукте, фейсбуктен, фейсбукке, лайк+дедім, лайк+л+деттім, сториске, стористен, банға кету,

- Қысқарған сөздер пайда болды: *инстадан (инстаграмнан) көрдім, тт (тик-ток), телега (телеграмм), в лс (жеке хабарламада), лс-ке (личное сообщение), чел (адам) т.с.с.*

Әлеуметтік желідегі қазақша мәтіндердегі аббревиатураларды (қысқарған сөздер мен сөз тіркестері) мынадай түрлерге жіктеуге болады:

- а) әріптерден қысқарған сөздер:
- ә) құрамында цифрлармен келген қысқартулар:

б) бір сөзді бір әріппен таңбалау

в) дауыссыз дыбыстарды түсіріп таңбалау «Спс», «пжлст»


Бұл айтылғандарға мысалдар 2-суретте берілді. Егер осы элеуметтік желідегі мысалдарды талдайтын болсақ, ең алдымен қазақша мәтіндердегі лексикалық бірліктердің кірме бірліктермен араласып қолданылуы: *ифтар сделаем, ты не представляешь, как меня радуют твои сообщения, когда приедешь, биоин англиштан, сенде болдыма стердаун, мы опадем, шучу.*

Дауыссыз дыбыстарды түсіріп таңбалау кездеседі: *солго(й), ашп (ы), турат, (ды буыны т әрпімен беріліп тұр), келе бермит (ейді – т әрпімен беріліп тұр) балдар (ла буыны түсіріліп тұр), алп (ы) келндер (ің буыны түсіріліп тұр), дәптерн (і әрпі түсіріліп тұр), сообц (ение әріптері түскен).*

Ой екпінін дыбыстарды қайталау арқылы және смайликтер арқылы таңбалау: *это дааа особенно от вас (ішек-сілесі қатқан және ашуланған, еңіреген көз жасының таңбасы) немесе как меня радует твои сообщения (бетін қос қолымен басқан смайлик таңбасы). Шет тілінен енген айтылымдарды транслитерациямен беру: стердаун, SUUUUUUUYYYYYOOOOO (бұл жерде эмоция да беріліп тұр).*

- Элеуметтік желіде кей мәтіндерге мүлдем тыныс белгісі қойылмай да жазылады. Жоғарыда айтылғандарды ватсап элеуметтік желідегі қарым-қатынас мәтінінен көруге болады. Мысалы, *Багасы анык жазылмайды* сөйлеміндегі қазақ тілінің орфографиялық нормасы сақталмағанын көреміз: қазақтың төл дыбыстарының әріп таңбалары *ң* –ның орнына *н*, *қ*-ның орнына *к* әрпі жазылған. Сөйлем құрылымында сұрау есімдіктерін қайталап қолдану кездеседі: *Неге жедел көмектесетін дәрі-дәрмектер неге болмаған? Сөйлемдегі өзекті ойды білдіру үшін бас әріптерді пайдалану кездеседі: КІТАП ҚАПТАЛСЫН!*

Сөйлемнің модальдылығы мен предикативтілігін білдіруге смайликтер мен түрлі таңба белгілер қатысады. Сөйлемдегі сөздердің қалыпты орын тәртібі сақтала бермейді, инверсияланады. Сөйлем орысша, қазақша сөз тіркестермен араласып құрыла береді. Көбіне уатсап желісінде сұраулық шылаулардың жазылу ережесі сақталмайды. Қазір мейлінше көп ақпаратты жазуға ерініп, ауызша дыбыстық хабарлама жазған тиімдірек.



Сурет - 2. Әлеуметтік желідегі қазақша мәтіндердің лексикалық ерекшеліктері

Әлеуметтік желілерде (зерттеу нысанымызда фейсбук пен инстаграм, ватсап желілерін алдық) *контент, хайп, фидбэк, таргет, бот, фандом, коллаборация, месседж, триггер, кейс, кэш және т.б.* сияқты сөздер сәнді болып тұр. Бірақ бұл жаңа сөздерді қазақ тілінің қайсыбір сөздігінен мағынасын таба алмаймыз. Тілге сөз өздігінен енбейді, айналамыздағы болып жатқан жаңа құбылыстармен айналымға еніп жатыр. Бұл іспетті ғылыми анықтамасы не түсінігі берілмеген сөздер қаншама, олардың мағынасы мен қалай дұрыс жазатынымыз белгісіз. Кезінде енген «*селфилету*», «*банга жіберу*», «*лайк басу*», «*комментарий қалдыру*» сияқты сөздер қазақ тілінің емлесіне, жүйесіне, дыбысталуына икемделіп қолданып жүрміз, тағы осындай ағылшын тілінен өзгеріссіз алына берсе тіліміздің «*нормасы қайсысы*», «*узусы қайсысы*» деген секілді сұрақтар туындауы мүмкін.

Қорытынды

Әлеуметтік желі дискурсының өнімі – мәтін (пост) өзіндік ерекшеліктерге ие, оның сипаты ауызша-жазбаша гибридтелген, тілдік ерекшеліктері қалыпты

нормаға бағынбайды, ол адамдардың интернет алаңындағы қарым-қатынасына ыңғайланған, уақытты үнемдеу мақсатында қысқартулар жиі орын алады, өзіндік заңдылықтары мен талаптары бар.

Әлеуметтік желі дискурсын бір функционалды стиль аясында қарастыруға келмейді, ол өз бойына бірнеше стиль элементтерін жинақтайды. Виртуалды қарым-қатынаста бейвербалды таңбаларды және эмоциялы лексиканы пайдалану оны қызықты әрі қабылдауға жеңіл етті. Соңғы кезде әлеуметтік желі тілін зерттеу қолға алынып, оны нормаландыру қажет. Әлеуметтік желідегі норма мен узус жайлы сөз еткенде күнделікті қарым-қарынаста білінбегенмен, жазу мен талдауда әлеуметтік желіде сөзді қате қолдану өршіп барады. Аңдамай қалудан, асығыстықтан кеткен қателер бір бөлек те, «дәстүрлі» түрде айтылып, әдейі бұзылып айтылатын, не жазылатын қателер бір бөлек. Сол асығыстықтан жазған не айтқан қатеміздің көпшілігі узус тарапына өтуде.

Ғаламтордағы елеусіз кеткен қателіктерден сөз мәдениеті түзелетінін естен шығармаған жөн. Әлеуметтік желілердегі сөз мәдениетін сақтау үшін елімізде ең алдымен: а) Ақпараттық мәдениет жайында қажетті мәліметтер, жұмыстар жүргізіліп, кеңінен насихатталса; ә) Адамдар бір-біріне қарап түзеледі, сондықтан жастарға үлгі болатын қоғам белсенділері жарнамадан бөлек, сөз мәдениетіне қатысты игі істерді атқаруға атсалысса, сөз қателеріне қатысты түрлі танымдық мақалалар жарияласа; б) Тілдің қолданылуы, оның маңызы жөнінде әлеуметтік желілерде талқыланып, тіл тазалығы, сауатты жазуға үндеген жарнамалар, жастардың патриоттық сезімдерін арттыратын ақпараттар мен суреттер жиі берілсе; в) Кез келген әлеуметтік желіні пайдаланушы тұлға тіл мәселесіне бей-жай қарамай, сауатты жазуға талпынса, ықылас танытса виртуалды әлемдегі сөз мәдениеті түзелері анық.

ӘДЕБИЕТ

[1] Рябов В.Н. Необычные слова и формы слов как отражение особенностей художественного текста. – Дискурс. – Выпуск 10. УГТУ-УПИ, 2008. – С. 15-25

[2] Матусевич А.А. Общение в социальных сетях: прагматический, коммуникативный, лингвостилистический аспекты характеристики. – Москва, 2016. – С. 190

[3] Горошко Е. И. Современная интернет-коммуникация: структура и основные параметры//Монография. – Москва: Наука, 2012. – С. 328

[4] Виноградова Т.Ю. Специфика общения в интернете// Русская и сопоставительная филология: лингвокультурологический аспект. – Казань, 2009. – С. 63-67.

[5] Вахрамова Е.Н. К вопросу о лингвистических перспективах неологизмов социальных сетей// Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского. – 2009. – № 6. – С. 270-275.

[6] Муравьев Н.А. Неологизмы в социальной сети Фейсбук// Диалог -2014: Междунар. конф. по компьютерной лингвистике <http://www.dialog21.ru/dialog2014/presentations/Muravyev.pdf>.

[7] Холодковская Е.В. Особенности синтаксиса англоязычного интернет-комментария социальной сети Facebook// Вестник Волгор.гос.ун-т. Сер. 2: Языкознание. – 2018. – № 1. – С. 79–83

[8] Иванова О.В. Особенности иноязычной коммуникации в социальных сетях// Языки. Культуры. Этносы. Формирование языковой картина мира: филологический и методический аспекты. – 2017. –Т 1. – № 1. – С. 240–247

- [9] Берестнев Г.И. О новой «реальности» языкознания. – Москва, 1996. – С. 197
- [10] Арнольд И.В. Лексикология современного английского языка: учебн. пособие. 2-е изд. – Москва: Наука, 2017. – С.368
- [11] Исаева Е.В. Модели метафоры в дискурсе компьютерной безопасности: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Пермь, 2013. – С. 20
- [12] Тетерлева Е.В. Грамматические особенности англоязычных комментариев в социальной сети Instagram// Проблемы романо-германской филологии. – Москва. – 2018. – № 14. – С. 91–94
- [13] Садирова К.Қ. Интернет желісіндегі қазақ тілінің ерекшеліктері. Дискурсология мәселелері. Монография. – Ақтөбе: Колибри, 2019. –71-78 б
- [14] Сыздық Р.С. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана: Елорда, 2001. –230 б.
- [15] Уәли Н. М. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докторы ғыл ...дисс. – Алматы, 2007. – 312 б.

REFERENCES

- [1] Ryabov V.N. Neobychnyye slova i formy slov kak otrazheniye osobennostey khudozhestvennogo teksta (Unusual words and forms of words as a reflection of the features of a literary text)//Discourse. Issue 10. USTU-UPI, 2008. P. 15-25 [In Rus.]
- [2] Matusovich A. A. Obshcheniye v sotsial'nykh setakh: pragmaticheskiy, kommunikativnyy, lingvostilisticheskiy aspekty kharakteristiki (Communication in social networks: pragmatic, communicative, linguo-stylistic aspects of the characteristic). Moscow, 2016. 190 p. [In Rus.]
- [3] Goroshko E. I. Sovremennaya internet-kommunikatsiya: struktura i osnovnyye parametry/ Ye.I. Goroshko (Modern Internet communication: structure and main parameters). Moscow, Nauka, 2012. 328 p. [In Rus.]
- [4] Vinogradova T. Spetsifika obshcheniya v internete (Specificity of communication on the Internet). Kazan, 2009. S. 63 - 67. [In Rus.]
- [5] Vakhranova E. N., Kuznetsova N. V. K voprosu o lingvisticheskikh perspektivakh neologizmov sotsial'nykh setey (To the question of the linguistic prospects of neologisms of social networks). // Bulletin of the Nizhny Novgorod University. 2009. №6. p. 270-275. [In Rus.]
- [6] Muravyov N. A. Neologizmy v sotsial'noy seti Feysbuk (Neologisms in the Facebook social network) // Dialogue -2014: Intern. conf. in Computational Linguistics <http://www.dialog21.ru/dialog2014/presentations/Muravyev.pdf>. [In Rus.]
- [7] Holodkovskaya E. V. Osobennosti sintaksisa angloyazychnogo internet-kommentariya social'noj seti Facebook (Features of the syntax of the English-language Internet commentary of the Facebook social network)// Vestnik Volgog. gos. un-ta. Ser. 2: Yazykoznanie. 2018. № 1. S. 79–83 [In Rus.]
- [8] Ivanova O. V. Osobennosti inoyazychnoj kommunikacii v social'nyh setyah (Features of foreign language communication in social networks)//Yazyki. Kul'tury. Etnosy. 2017. T 1. № 1. S. 240–247 [In Rus.]
- [9] Berestnev G. I. O novoy «real'nosti» yazykoznaneya (On the new "reality of linguistics). Moscow, 1996. 241 p. [In Rus.]
- [10] Arnol'd I.V. Leksikologiya sovremennogo anglijskogo yazyka: ucheb. Posobie (Lexicology of Modern English). 2-e izd., pererab. M.: FLINTA: Nauka, 2017 .368 s. [In Rus.]
- [11] Isaeva E. V. Modeli metafory v diskurse komp'yuternoy bezopasnosti (Models of metaphor in the discourse of computer security). Abstract of the dissertation for the degree of candidate of philological sciences. Perm 2013. 20 p. [In Rus.]
- [12] Teterleva E.V., Portnova I.V. Grammaticheskie osobennosti angloyazychnyh kommentariyev v social' - noj seti Instagram (Grammatical features of English comments in the social network Instagram). 2018. № 14. S. 91–94.[In Rus.]

[13] Sadirova K. K. İnternet jelinindegi qazaq tiliniñ erekşelikleri (Features of the Kazakh language on the Internet)// Diskursologiya máseleleri. Aqtóbe:Kolibri, 2019. 71-78 b.[In Kaz.]

[14] Syzdyk R. S. Tildik norma jáne onıñ qalıptanwı (Language norm and its formation). Astana: Elorda, 2001. 230 b. [In Kaz.]

[15] Uäli N. M. Qazaq söz mádeniätiniñ teorıyalıq negizderi (Theoretical foundations of Kazakh speech culture). Filol.ğyl.dokt. avtoref...: 10.02.02. Almaty. 2007. 51 b [In Kaz.]

ЯЗЫКОВОЕ ПРИМЕНЕНИЕ В СОЦИАЛЬНОЙ СЕТИ: НОРМА И УЗУС

Салкынбай А.¹, *Сарсенбай Ж.²

¹д. ф.н., профессор, заведующий кафедрой казахского языкознания имени А. Байтурсынова, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: asalbek@gmail.com,

*²докторант 3-курса, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: janat.sarsenbay@yandex.kz

Аннотация. На сегодняшний день все явления, возникающие в обществе, отражаются и регистрируются в языке. В интернете, в социальных сетях постоянно появляются новые понятия, новые языковые единицы на всех языках мира. Такое явление есть и в казахском языке. Развитие IT-технологий проложило путь к усилению виртуальных коммуникаций в обществе. Виртуальное коммуникационное пространство изо дня в день заменяет реальное общение. Виртуальная коммуникация обладает потенциалом, способным изменить языковые нормы коммуникации в реальном мире.

В статье подчеркивается, что главной особенностью коммуникации в социальных сетях является замена участника в виртуальном общении реальным участником. Рассматриваются научно-практические вопросы текстов дискурса социальной сети. Даны научные взгляды зарубежных и отечественных ученых, высказанные в рамках темы. Научная значимость темы состоит в том, чтобы определяется разница между нормой и узусом в казахоязычной социальной сети. Тексты в социальной сети не являются источником знаний, они носят новостной или развлекательный характер, соответственно, они должны иметь краткую, но обширную информацию, информация в тексте передается не только буквой, но и изображением, звуком и видеозаписью. Можно считать, что в настоящее время появился стиль Интернет-коммуникаций.

Также дается характеристика работы профессора Р. Сыздыка в начале XXI века в рамках темы. При обосновании языка социальной сети на казахском языке, изучении работ прикладной направленности в мировом языкознании в данном направлении используются методы обзора, описания, изложения и анализа. Примеры в социальных сетях анализируются как лингвистический текст.

Статью можно использовать в качестве дополнительного учебного материала при подготовке к лекциям и практическим занятиям по дисциплине «Культура речи и языковая коммуникация» в вузах.

Цель и задача статьи – рассмотреть социальный сетевой дискурс как вид интернет-дискурса, определить языковые особенности его текста, определить, в какой степени норма сохранена в социальной сети, а также определить привычное применение.

Высказываются общие требования к текстам социальных сетей. На основе собранного материала мы проанализировали лингвистические (грамматические, морфологические, синтаксические) особенности казахских текстов в социальных сетях, а именно в фейсбук и ватсап, разделив их на десять групп, и в результате пришли к выводу, что язык социальной сети, используемый в целях экономии слов, требует особого изучения.

Ключевые слова: социальная сеть, виртуальное общение, интернет, норма, узус, сленг, письменно-устная речь, виртуальное пространство

LANGUAGE APPLICATIONS IN THE SOCIAL NETWORK: NORM AND USUS

Salkynbay A.¹, *Sarsenbay Zh.²

¹Head of the Department of Kazakh Linguistics named after A. Baitursynov, Doctor of Philology, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: asalbek@gmail.com,

*²Master of Philology, PhD student of the Kazakh language department, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: janat.sarsenbay@yandex.kz

Abstract. Today, all phenomena that arise in society are reflected and recorded in the language. Over time, a new concept appears on the Internet, through social networks, new language units in all languages of the world. This phenomenon also affects the Kazakh language. The development of IT technologies has paved the way for the strengthening of virtual communications in society. Virtual communication space replaces real communication day by day. Virtual communication has the potential to change the language norms of communication in the real world.

The article emphasizes that the main feature of communication in social networks is the replacement of a participant in virtual communication with a real participant. Scientific and practical issues of social network discourse texts are considered. The scientific views of foreign and domestic scientists expressed within the framework of the topic are given. The scientific significance of the topic is to determine the difference between the norm and the usage in the Kazakh-language social network. The social network says that texts are not a source of knowledge, they are news or entertainment in nature, respectively, they should have brief but abundant information, information in the text is transmitted not only by letter, but also by image, sound and video. They say that a style of Internet communication has appeared.

It also gives a description of the work of Professor R. Syzdyk at the beginning of the 21st century within the framework of the topic. When substantiating the language of a social network in the Kazakh language, studying applied works in world linguistics in this direction, methods of review, description, presentation, and analytical analysis are used. Examples in social networks are analyzed as a linguistic text.

The article can be used as an additional educational material in preparation for lectures and practical exercises in the discipline "Culture of speech and language communication" in universities.

General requirements for the texts of social networks are expressed. Based on the collected material, we analyzed the linguistic (grammatical, morphological, syntactic) features of Kazakh texts in social networks, namely Facebook and WhatsApp, dividing them into ten groups and as a result came to the conclusion that the language of the social network used to save words, requires special study.

Keywords: social network, virtual communication, Internet, norm, usage, slang, written and oral speech, virtual space

Статья поступила 26.06.2022